

**ТО ДСБ «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК
ұжымы жалпы жиналысының хаттамасы**

27 қыркүйек 2023 жыл

Шымкент қаласы

**Жалпы жиналысқа төрайымдық етуші, ұжымның басшысы
Налибаева Р.К.;**

Жиналыс хатшысы, заңгер Рахымбердықызы А.

Жиналысқа қатысушылар: «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК ұжымының қызметкерлері қатысты.

Жалпы жиналыс күн тәртібіне төмендегі мәселені қарауды енгізді:

- «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы туралы және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығындағы «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» туралы баяндама жасау, оны талқылау және бұқара алдында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Төрайымдық етуші, басшы Р.Налибаева күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін заңгер А.Рахымбердықызына сөз берді.

Баяндамашы А.Рахымбердықызы өзінің баяндамасында қоғамымызда індет болып жабысқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршаға ортақ парыз екендігін атап өтті. Атап айтқанда, 2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту қажет.

Ол үшін келесі мекемеде келесідей іс-шаралар жүзеге асырылу қажет:

- 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- 3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау;
- 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдау.

Сонымен қатар, «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге» сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы

комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың максаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктері айқындалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары: келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді: квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық; квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қатысты анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндамашының жасаған баяндамасын талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізуі, яғни жемқорлықпен күресу керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

- Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж. 5 шілдедегі ҚР Кодексін және ҚР Қылмыстық Кодексін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыруды;
- ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мәселесін үнемі талқылап отыруды.

Жалпы жиналыс төрайымы

Жалпы жиналыс хатшысы




Налибаева Р.К.
Рахымбердықызы А.